



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 14 ақпан


2018 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулер туралы

Халықтың инфляциялық күтулерінің сандық бағалауы (инфляцияның 12 айынан кейін күтілетін) 2017 жылғы желтоқсанда 7,1%-дан 2018 жылғы қаңтарда 6,6%-ға дейін төмендеді (1-график) және ағымдағы жылғы инфляцияның таргеттелетін дәлізі ішінде тұр.

2018 жылғы қаңтарда халыққа инфляциялық күтулерді бағалау бойынша жүргізілген пікіртерімнің нәтижелері қабылданатын инфляцияның деңгейі сақталатынын көрсетіп отыр. Халық «өткен айда» қабылдайтын бағаның өсімі тұрақты деңгейде тұр, ал «соңғы 12 айда» аздап төмендеді.

Халықтың келешекте бағаның өсуіне қатысты күтулері бойынша төмендеу байқалады. Келесі айда бағаның өсуі бойынша күтулер бірталай өсуді (23%-дан 14%-ға дейін) сияқты қалыпты өсуді (44%-дан 39%-ға дейін) болжайтын респонденттердің үлесі елеулі түрде төмендеуі есебінен 53%-ға дейін (2017 жылғы желтоқсанда – 67%) біршама төмендеді. 12-айлық аралықта да келешекте де баға өсуі бойынша күтулер төмендегені байқалады (60%-дан 57%-ға дейін).

Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz